

Ақадырдың дамуы бақылауда
2-бет



Жастарды жұмылдырар тетік кемшін
4-бет



Жерасты жылыжайы – тың жоба
6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 27 ШІЛДЕ, 2023 ЖЫЛ №82 (23 258)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

РЕСМИ

Талап күшейді

Сүт өнімдерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған өзгерістер күшіне енеді. Қазақстан стандарттау және метрология институтының мәлімдеуінше биылғы 22 қыркүйектен бастап, Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №143 шешімі негізінде «Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентіндегі елеулі өзгерістер күшіне енеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл өзгерістер сүт өнімдерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. 2013 жылдан техникалық регламент алғаш рет қолданысқа енгізілген кезде, оны қолдану практикасы сүт өнімдерін өндірушілерге де, тұтынушыларға да қатысты бірқатар маңызды мәселе бойынша нақтылау жұмысы қажет екені анықталған еді.

Аталған институт сарапшыларының сөзінше, өсімдік майларының қосылғаны жөніндегі ақпаратты сүт өнімдері күйылған қаптамада міндетті түрде орналастыру – негізгі өзгеріс деп саналады. Бұл өз кезегінде адамдарға өнімді сатып алу кезінде дұрыс мәлімет алуына ықпал етпек.

Сонымен қатар, балалар тағамы өнімдерін сәйкестендірудің физика-химиялық көрсеткіштері өзгерді. Бұл ретте «Д» дәрумені мөлшерінің шекті деңгейі өсті. Осы өзгерістер балалар тағамын өндіруді тұрақтандыруға және тұтынушыларды жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа түзетуде айран, сүзбе, құрт сияқты сүт өнімдері қамтылып, олардың нарыққа кеңінен шығарылуына жағдай жасалған.

БӘРЕКЕЛДІ!

Алты мектеп – үздік

Қарағанды аймағының алты мектебі ел бойынша үздік танылды. Республиканың ең үздік жүздігінің ортасында маңдайы жарқырағандар қатарында Қарағанды қаласы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, «Дарын» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты, Балқаш қаласының С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясы, Қарағанды қаласының №2 лицейі де бар. Ал, Қарағанды облысының №1 «Білім-инновация» және Нығмет Нұрмақов атындағы екі лицей-интернаты 21 және 22-жолдан көрінді. Олимпиада қорытындысында олар үшінші орын иегерлері атанды.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рейтингті «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы жариялаған. Мұнда орындар 2022-2023 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық олимпиада қорытындысы арқылы екішелді. Үздік танылуға 314 мектеп үміткер болса, бірінші орынды 4 мектеп, екінші орынды 9 мектеп, үшінші орынды 14 мектеп өзара бөліскен екен.

«Республиканың 314 мектебі үздік атану үшін күресті. Рейтинг формуламен шығарылды. Онда алтын медаль үш балға, күміс медаль екі балға, қола медаль бір балға бағаланады. Ең алдымен, бұл рейтинг – зияткерлік сайыста табысқа жетуге бар күш-жігерін жұмсаған оқушылардың, олардың мұғалімдері мен жаттықтырушыларының еңбегінің нәтижесі, – деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мамандары.


«Қарағанды-Балқаш»: қыруар қаржы «қолға» кетті ме, жолға кетті ме?

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2019 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Қарағанды облысында 800 шақырым жол жөндеуден өтетінін мәлімдеген. Сол жобаның ішінде ұзындығы 363 шақырымды құрайтын республикалық маңызы бар «Қарағанды-Балқаш» тасжолы да бар. Тозығы жеткен екі жолақты тасжол қайта жөндеуден өтіп, төртжолалық автобанға айналады. Ол үшін бюджеттен жалпы 248 млрд. 225 млн. теңге бөлінді. Ал, жоспар бойынша құрылыс жұмыстары осы жылдың мамыр айында толық аяқталуы керек болатын. Бірақ, жол құрылысын аяқтау мерзімі тағы да бір жылға шегерілді. Не себеп, не кедергі?

«ҚазАвтоЖол» ҰҚ акционерлік қоғамының дерегіне сүйенсек, «Қарағанды-Балқаш» учаскесін реконструкциялаудың жобалау-металық құжаттамасы 2016-2017 жылдары әзірленген.

► 5-бет



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

Мағжан мектебінің «мұңы»

немесе «бір қайғы жүз қайғыны
қозғайды»

Қарағандыдағы маңдайалды білім ордасы саналатын Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия ауласында жылдар бойы қараусыз қалған ғимарат тұр. Бұл жер үйсіз-күйсіздер мен бұзақы жасөспірімдер үшін «жайлы мекен, қолайлы қонысқа» айналып үлгерген. Жиналғандар бұзақылық пен сорақылық жасайды. Мәселен, жапсарлас орналасқан мектептің терезесін сындырған, аулаға бірнеше рет өрт қойған көрінеді. Бұзақыларға ешқандай тыйым болмай тұр. Қараусыз ғимарат не сүрілмейді, не иесі қоршамайды. Мектеп басшылығы қаншама рет дабыл қағып, құзырлы органдарға шағымданғанымен, нәтиже шығара алмай дал. Осыдан соң балаларға қауіп қалай келмесін?!

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



► 4-бет

ЭКОЛОГИЯ

Арналар кеңейіп, арықтар аршылады

Қарағанды облысында жағалауды нығайту, өзен арналарын тереңдету және тазарту амалдары жалғасуда. Еске сала кетейік, жоспарлы жұмыс 2017 жылдан бастап су тасқыны қаупін азайту жөніндегі республикалық жол картасы шеңберінде жүргізілуде.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Соңғы жылдардағы көктемгі кезеңдерде аймақтың негізгі су тасқыны қаупі бар өзендерінің арналарында түйтілділер туындады. Су деңгейінің көтерілуіне төменгі тұнба шөгінділері мен тығыз өсімдіктерінің көлемі себеп болған.

Қазіргі уақытта Бұқар жырау, Нұра аудандарының аумағында жол картасы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Теміртау, Чкалово, Садовое, Тассуат және Майоровқа ауылдары маңындағы Нұра өзенін санациялау жобасын іске асыруда. Жалпы ұзындығы – 19,02 шақырым.

Жол картасынан тыс жүзеге асырылатын бастамалар да бар. Қарағанды

облысы бойынша төтенше жағдайлар департаменті Бұқар жырау ауданы басшылығы мен табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының қатысуымен Қ.Сәтбаев каналынан «Қызылорда – Павлодар» автомобиль жолындағы көпірге дейінгі учаскедегі жұмыстардың қалай жүріп жатқанын тексерді. Учаске ұзындығы – 2,4 шақырым.

2022 жылы мұнда қорғаныс бөгетін орнату жұмыстары ішінара орындалды, қазір Нұра өзенінің арнасын тазарту, түбін тереңдету және кеңейту жұмыстары жүргізілуде. Жұмыс кестеге сай, кешігу жоқ.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 491.39

•USD/KZT 445.06

•RUB/KZT 4.94

•CNY/KZT 62.33

Қазақстан Ұлттық Банкінің 27 шілде, 2023 жылғы дерегі бойынша



Елдестіркем елшіден

Кеншілер өлкесіне АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Дэниел Розенблум танысу сапарымен ат басын тіреді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевпен облыстың экономикалық ахуалы, білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері жөнінде әңгіме өрбтті.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қарағанды облысы – индустриалды аймақ. Экономиканың негізін кара және түсті металлургия, тау-кен өнеркәсібі және машина жасау құрайды. Жыл басынан бері облыстың сыртқы сауда айна-

тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға дайын екендігін атап өтті. Мұндай жобаларды іске асыру «Сарыарқа» АЭА және Sargan индустриалды аймағының аумақтарында мүмкін екені де айтылды.

– Дипломатиялық сапарым барысында Қазақстанның барлық өңіріне баруға тырысамын. Облыстағы жағдаймен та-

снелер алу мүмкіндігі. Аймақтық қолдау бағдарламалары бар. Кәсіпкерлік субъектілерінің саны жыл сайын артып келеді. Жұмыс істеп тұрған өндірістер кеңейіп, жаңа кәсіпорындар ашылууда, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Елші аймақтың кейбір кәсіпорындарына баруды жоспарлап отыр.



лымы 2,5 млрд. АҚШ долларын құрады. Жергілікті өнім әлемнің 54 еліне, оның ішінде, АҚШ-қа экспортталады. Облыс аумағында американдық компаниялардың қатысуымен 6 кәсіпорын істеп тұр. Олар сауда, құрылыс, тау-кен өнеркәсібі, жылжымайтын мүлікпен операциялар, білім беру сияқты салаларда жұмыс істейді, – деді Ермағанбет Қабдулаулы.

Аймақ басшысы бірлескен кәсіпорындар құру және шетелден инвестиция

нысу үшін Қарағанды аймағына келдім. Экономиканың жай-күйі туралы мүмкіндігінше көбірек білім келеді, – деді Дэниел Розенблум. Сонымен қатар, елші шағын және орта бизнесті дамытуға қызығушылық танытты.

– Шағын және орта бизнесті дамыту – басым бағыттың бірі. Біз барынша қолайлы жағдайлар жасаймыз. Бұл – әкімшілік кедергілерді азайту және мемлекеттік қолдау шаралары, жеңілдікті не-

Бұдан бөлек, ол Н.Тоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың американдық бұрышына барып, ағылшын тілін оқитын студенттермен кездесу өткізді. Сондай-ақ, Даниэль Розенблум кеншілер аймағындағы жоғары оқу орындарының ректорларымен де кездесті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТИКЕЛЕЙ ЭФИР

Көш көлікті, босқын жоқ

Тәуелсіздік алғалы бері көптеген елдермен тығыз қарым-қатынас жасап келеміз. Осы тұрғыда көші-қон заңнамасына толықтырулар мен өзгерістер енгізілгенімен, үнемі сақталма бермейді. Күннен-күнге елімізге заңсыз келіп-кетушілердің саны артып келеді. Бұл мемлекеттің саяси жағдайы үшін ғана емес, халықтың қауіпсіздігі үшін де маңызды. Осы орайда, аймақтағы көші-қон мәселесі және өзгерістер туралы облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Төлеу Мұхтаров инстаграм желісіндегі тікелей эфирде баяндап берді.

Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қандас мәртебесін қалай алуға болады?

Басқарма өз құзыреті шегінде халықтың және босқындардың көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыруға қатыса-

ға дейін 191 адам, 139 отбасы алды. Оның ішінде, 104-і – ер адам, 87-сі – әйел.

«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында биыл аймаққа 321 этникалық қазақ келуі жоспарланған. Бүгінде Өзбекстан, Монғолия, Ресей, Қырғызстан, Қытай, Беларусь мемлекеттерінен келуде. Қандастар Теміртау

де өзіне тиесілі бірқатар құжаттарды ұсынады. Дегенмен, бұл жұмыс процесі – рұқсат алу, мерзімін ұзарту, қайта ресімдеу қызметі тегін көрсетіледі.

Еңбек нарығын қорғау мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен ел аумағында еңбек ету үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға квота белгіленген.

Атап айтқанда, жыл ішінде аймақта шетелдік жұмыс күшін тартуға 912 бірлік көлемінде квота беру жоспарланса, бүгінде 337 маман тартылды. Олардың басым бөлігі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Карцемент» АҚ, «Борусан Машина Қазақстан» ЖШС және тағы басқа да компанияларда еңбек етеді.



Сурет интернеттен алынды

ды. Сонымен қатар, екі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Олар «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» және «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту». Алғашқы қызмет түрін алу үшін тұрып жатқан мекенжайындағы жергілікті мемлекеттік корпорация (ХҚКО) көмегіне жүгінеді. Өтініш толтырып, өмірбаян жазып, отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттарының көшірмелерін, туу туралы куәлік, шетелдік паспорт, азаматтығы жоқ адамның куәлігі немесе этникалық қазақтардың шыққан елдерінің арнайы органдарының басқа да ресми құжаттарды және үміткерлердің ұлтын растайтын құжаттарды нотариалды куәландырып, қазақ және орыс тілдеріндегі аудармаларын тапсырады. Үш жұмыс күні ішінде қандас куәлігін алады, – дейді.

Сонымен қатар, бір жылдың ішінде Қазақстан Республикасының азаматтығын алмаған жағдайда қандас мәртебесін ұзарту туралы аталмыш корпорацияға немесе жергілікті атқарушы органға өтініш береді. Бұндай шешім заң бойынша алты айдан аспайтын мерзімге бір-ақ рет қана қабылданады. Аймақта қандас мәртебесін 1 шілде-

мен Қарағанды қалаларында ең көп қоныстанған. Экономикалық белсендісі – 127 адам, кәмелетке толмағандар – 48, зейнеткер – 16 адамды құрады.

Шетелдік жұмыс күші және квота

Көші-қон мәселесіндегі ең өзектісі – шетелдік жұмыс күшін тарту. Бұл қызмет түрі автоматтандырылған www.elicense.kz веб-порталы арқылы жүзеге асады. Шешім жеті жұмыс күні ішінде қабылданады. Рұқсат беру бір жылға жарамды. Сонымен қатар санатына қарай, үш жылға ұзартылады.

Егер еңбек шарты бұзылған немесе шетелдік жұмыскер келмеген жағдайда басқа рұқсаты бар шетелдік адамды қайта ресімдеуге болады. Ол үшін де шетелдік жұмыскердің жеке басына қатысты барлық құжаттар талап бойынша тіркеледі. Бұл рұқсат түрі бес жұмыс күні ішінде жүзеге асады, бірақ рұқсат электронды түрде беріледі.

Корпоративтілік ауыстыру аясында шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу немесе қайта ресімдеу үшін жұмыс беруші

Аймақта босқын тіркелмеді

Аймақта босқындар тіркелмеген, жағдай тұрақты, алайда баспана іздеушілер бар. Дегенмен, босқын мәртебесін алу үшін де елге келген күннен бастап, бес күн ішінде белгіленген тәртіппен босқын мәртебесін алу туралы өтініш жазылады.

Бүгінгі таңда облыс бойынша пана іздеуші мәртебесі бар 14 отбасы немесе 15 адам тіркелді. Оның бесеуі – Украина, оны – Ауғанстан азаматтары, яғни, 11 – ер адам, 4 – әйел.

Пана іздеушілер негізінен Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларына қоныстанған. Он бірі – еңбекке қабілетті, төрт адам – зейнеткер. Пана іздеуші куәлігі бір жылға дейін және ұзарту құқығымен үш айға беріледі.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Ақадырдың дамуы бақылауда

Тұрғын үйлерінің техникалық жағдайына шағымданған Ақадыр тұрғындарына үйдің жөндеу жұмыстарын жасауға көмек көрсетіледі. Аудандық бюджеттен қаражат бөлініп, тұрғын үй қыс басталғанша ретке келтірілуі қажет. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Шет ауданына жұмыс сапары барысында аталған үйлерді аралап, мәселенің қалай шешілетіні жөнінде тәрқатып айтты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақадырдағы «Тәуелсіз Қазақстан» көшесінде орналасқан 8 пәтерлі үйде үш отбасы тұрады.

– Үйдің төбесіндегі кірпіш құлап, сол жерден су аға бастаған. Бұл мәселе бізге мәлім. Аудан әкімдігінің қолдауымен ағымдағы жөндеу және қажетті жұмыстарды жүргіземіз. Осы мақсаттарға алдағы сессияда бюджеттен 12 млн. теңге көзделетін болады. Жөндеу жұмыстарын қыс басталғанша аяқтау қажет, – деді Ақадыр кентінің әкімі Азамат Әбілдин.

Аймақ басшысы Ақадырдың жылу беру маусымына дайындығын да назардан тыс қалдырмады. Сондай-ақ, жаңа үйлер салу және абаттандыру барысымен танысты.

Алдағы уақытта кентте жылумен жабдықтауды жақсарту үшін үш қазандық жабдықтауы жаңартылып, мерзімі өткен алты қазандық ауыстырылады. Жұмысты қыркүйектің ортасына дейін аяқтау жоспарлануда.

лай жүріп жатқанын тексерді. Онда салынып жатқан қосымша ғимаратта спорт залы мен асхана орналасады. Нысанда жаңа мерлігер – «МСК Строй» корпорациясы» ЖШС жұмыс істеп жатыр. Алдыңғысымен жұмыстарды уақытылы және тиісінше орындамағаны үшін келісімшарт бұзылған.

Ермағанбет Бөлекпаев күрделі жөндеу жүргізіліп жатқан аурухананы да барып көріп, ауыл ішінде салынған жолдардың сапасына да көз жүгіртті.

– Биыл аудандық және облыстық бюджеттен 11 көшені асфальттауға қаражат бөлінді. Олардың алтауына асфальт төселді, қалған бөлігін маусымның соңына дейін аяқтаймыз. Аулаларды кезек-кезеңімен абаттандырамыз, – деді Азамат Әбілдин.

Кенттегі шағын аудандардың бірінде балалар алаңы жаңартылып, автокөлік тұрағы абаттандырылған. Сонымен қатар, биыл бес үйдің шатырын жаңартуды жоспарлап отыр. Кент көшелердің 95%-ы жарықтандырылған. Бұл қатарға биыл тағы төрт көше қосылды.



Сонымен қатар, Ақадырда кезекте тұрғандар үшін сегіз жартылай жеке үй де салынады. Тұрғын үй биыл жалға беріледі. Пәтерлерге жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Орталық сумен жабдықталып, кәріз жүйесі қосылған.

Сондай-ақ, Ермағанбет Бөлекпаев Ә.Ермеков атындағы мектепте жұмыстардың қа-

Бұдан бөлек, Ақадырда магистральдық су құбырының апаттық учаскесі де толығымен ауыстырылады. Ермағанбет Бөлекпаев барлық жұмысты мерзімінде аяқтап, олардың сапасын бақылауды мұқият тапсырды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Бұқара әлі бейқам

Облыс басшылығы тұрғындарды қыстың қамын жаз ойлап, көмірді ерте-рек сатып алуға шақырды. Бұл – қыс түскенде көмір сататын орындардағы ұзын-сонар кезек пен қарбаласты болдырмау үшін керек. Қарағанды қаласында көмір сататын 20 нүкте бар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды нан комбинатының іргесіндегі «Крылов» сауда нүктесінде 30 мың тоннаға жуық көмір бар. Шахталардан отын тасып жатқан жүк вагондарының жұмысы кестеге сай, еш кедергісіз жүріп жатыр. Бірақ, қақпа алдында жүк көліктерінің кезегі жоқ.

– Бұл – көмір әлі сатылымға шықпай жатыр деген сөз емес. Тек, жұрт әлі бейқам. Көбі қар жауып, қазан ұрғанда ғана қимылдайды, – дейді сауда нүктесінің директоры Владимир Крылов.

Көмір 1 шахта 8 разрезден жеткізілуіде. Құзырлы орындардың мәліметіне сүйенсек, 6 айдың өзінде өндірілген көмір көлемі 50 миллион тоннадан асқан.

– Сондықтан, биыл өңірде қатты отын жеткілікті деуге толықтай негіз бар. Ай сайын қажетті мөлшер жеткізілуіде. Осакаровка мен Жарық станциясында қосымша нүктелер ашылды, – дейді облыстық өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр.

Қазақстан бойынша көмірдің ең төмен бағасы біздің облыста екен.



Пришахтинский түбіндегі «Армандар орындалады» деп аталатын сауда нүктесіне де ат басын бұрдық. Ол жердегі көмір мөлшері 15 мың тоннадан асады. Қамдану шаралары қалыпты жағдайда өтіп жатыр. Мұнда да моншақтай тізілген жүк көліктері жоқ. Тым-тырыс.

Мәселен, сұранысқа ие «Шұбаркөл» көмірінің тоннасы өңірде – 13500 теңге. Сапаға да бақылау орнатылған. Егер алда-жалда сатып алған отынның сапасыз болса, тұтынушылар құқығын қорғау департаментіне бірден жүгіну керек.

• ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Жұмыссыздық деңгейі төмендеді

Қарқаралы ауданында жұмыссыздық деңгейі 2,7%-ды құрады. Бұл облыстық көрсеткіштен (4,4%) едәуір төмен. 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөнінде ұлттық жобаның аясында өңірде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Жұмыссыз адамдардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалуда.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кезең-кезеңімен түрлі бағдарламалар қабылданды. Орындалысына да жіті бақылау жасалуда. «Бастау-бизнес» жобасы бойынша 137 адам кәсіпкерлік негіздері бойынша білім алса, жұмыс берушілердің сұранысы бойынша 19 адам қысқа мерзімдік кәсіптік оқуға жіберілді.



Сондай-ақ, кәсіп қылам деп ынта білдірген 10 адамның бесеуі маусым айында грант алса, қалған бесеуіне қыркүйек айында беру жоспарланып отыр. «Күміс жас», «Ұрпақтар келісім шарты», жастар практикасы жобалары да жұмыссыздар санының азаюына ықпал етуде.

Жұмыссыздар есебінде тұрғандардың басым бөлігі әлеуметтік және қоғамдық жұмыстарға жіберілген. Әлеуметтік жұмысқа – 16 адам, қоғамдық жұмысқа – 120 адам, жұмыс берушілер тарапынан берілген бос жұмыс орындарына 207 адам тартылған, – дейді аудандық мансап орталығының басшысы Қанат Байбеков.

Сонымен қатар, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне аудан аумағында орналасқан Қарағайлы байыту фабрикасы, «Абыз» кен орны, Өркен-Кентөбе, «Алтай Полиметаллы» ЖШС кәсіпорындарының үлесі бар. Жергілікті халықтың 80%-ын жұмыспен қамтып отыр. Жергілікті тұрғындар жұмыскерлер арнайы автобустармен тасымалданады және вахталық әдіспен жұмыс жасайды. Сонымен қатар, аудан аумағындағы шағын кәсіпкерлік нысандары да жұмыссыздықпен күреске өздерінің сүбелі үлестерін қосып отыр.

Қарқаралы ауданы

• БРИФИНГ

Әлеуметтік кодекстің игілігі

Халықты әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамту – мемлекет үшін маңызды міндеттерінің бірі. Осы міндетті жетілдіру, әрі маңыздылығын арттыру мақсатында 1 шілдеден бастап, оң өзгерістерге толы әлеуметтік кодексе күшіне енді. Елімізде алғаш рет қолданысқа енгізілген бірыңғай әлеуметтік құжаттың халыққа әсері қандай? Аймақ тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін жақсартуға септігі тиді ме? Осы сұрақтар төңірегінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысы Нұркен Баялов аймақта жүзеге асқан әлеуметтік өзгерістер жөнінде баяндап берді.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жәрдемақы өсті

– Кодексті енгізудің басты мақсаты – азаматтарды әлеуметтік қолдау шараларын жақсарту. Бұл ресми құжат қазақстандықтар үшін басты әлеуметтік құжат. Өйткені, ол өмір бойы мемлекеттен әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ететін болады. Яғни, ол қазақстандықтардың туғаннан көрілікке дейінгі базалық әлеуметтік құқықтарын белгілейді, – дейді департамент басшысы.

Бұл кодекстің басты міндеті – мемлекеттен кім қандай жағдайда, нендей көмек алатынын нақты бекіту. Әлеуметтік кодекстің негізгі жаңалықтары – отбасының цифрлық картасы енгізілді, әлеуметтік қолдаудың жаңа парадигмасы бекітілді, әлеуметтік қызмет көрсету толық трансформацияланды, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне өзгерістер енгізілді.

Халықтың әлеуметтік әлеуетін арттыруға бағытталған кодексе бойынша биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап, аймақтың 102 239 тұрғынына қатысты төлемдер мен жәрдемақылар мөлшері 14,5% - ға артты. Атап айтқанда, мүгедектігі бойынша жәрдемақы мөлшеріне дейін жеткізілген зейнетақы төлемін алатын 6136 адамның, мүгедектігі бар адамдардың мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларын алатын 39 893 адамның, асыраушысынан айырылуына байланысты төленетін жәрдемақыны алатын 12 677 адамның, мүгедек бала тәрбиелеуіне байланысты төленетін жәрдемақыны алатын 4 589 адамның, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (МЭСҚ) еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдер алатын 10 749 адамның, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алатын 4 404 адамның, сонымен қатар арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар – 1 2, 3 топтағы мүгедектер, саяси қуғын-сүргіннен зарлап шеккендер және Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған 12 693 адамның әлеуметтік төлемдері өсті.

Кодекстің тағы бір жаңалығы «марапатталған аналар» ұғымы енгізіліп, бұл мәртебе «Күміс алқа», «Алтын алқаме» марапатталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған және I, II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталғандарға берілді. Алты, жеті, одан да көп бала туған аналарға төленетін жәрдемақы мөлшері 7,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне артты. Бұндай әлеуметтік қолдау облыстағы 3600 анаға тиіспі.

Әлеуметтік қолдауды тағайындаудың тиімді бағдарламасының бірі, жыл басынан іске қосылған отбасының цифрлық картасы. Аталмыш ақпараттық жүйеде әлеуметтік төлем алушы туралы барлық ақпараттар бар. Және сол арқылы әлеуметтік төлем тағайындалады. Сондай-ақ, екінші деңгейлі банктердің мобилді қосымшасы арқылы да зейнетақы және жәр-



демақы бойынша ақпарат алуға болады.

Әлеуметтік кодекстің тағы бір артықшылығы – мамыр айынан бастап, жұмысынан айырылғандар үшін төлем алу мүмкіндігі пайда болды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, 1 қаңтардан бастап 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға берілетін кепілдендірілген әлеуметтік пакет қаржылай көмек түріне ауысты. Аталмыш көмек түріне 210,7 млн. теңге қарастырылып, 4 675 бала қамтылатын болады. Бұл ата-аналардың балаға қажетті өнімдерді өздері сатып алуына мүмкіндік береді.

Аймақта 1507 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады.

Жаңа жоба

Әлеуметтік кодексе аясында аймақта пилоттық жоба іске асырылмақ. Арнаулы әлеуметтік қызметтер бөлігін негізге ала отырып, психоневрологиялық аурулары бар және тірек-қимыл аппаратына тәуелді мүгедек балаларға арналған 12 төсек-орындық үй-жай ашылды. Мұнда мүгедек балалар тек күндіз ғана болады.

Ал, кішірек үйлерде тұратын мүгедектерге де арнайы сегіз түрлі әлеуметтік қызмет көрсетіледі.

Медициналық-әлеуметтік сараптаманы трансформациялау

Әлеуметтік кодексе шеңберінде мүгедектікті белгілеудің сырттай немесе проактивті форматы заңнамалық түрде бекітілген. Мүгедектікті белгілеудің проактивті форматы кезінде адамға басқа инстанцияларға бармай-ақ, тек емханаға жү-

Зейнетақы жүйесінің тиімділігі артады

Кодексте зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыруға қатысты да бірқатар шаралар қабылданды. Нақтырақ айтқанда, әйелдердің зейнеткерлік жасын 2023 жылдан бастап бес жылға тоқтатты. Яғни, 61 жасқа мезеленді.

Қазіргі қолданыстағы жүйе зейнеткерлердің 3 буынын қамтиды. Біріншісі – аға буын. Бұл санатқа 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетке шыққан, толық еңбек өтілі бар зейнеткерлер кіреді. Осы санаттағы адамдар базалық және еңбек зейнетақысын мемлекеттік бюджеттен алады. Олардың басым көпшілігіне 120 мыңнан 160 мың теңгеге дейінгі аралықта зейнетақы төленеді. Екіншісі – бүгінгі буын. Бұл – зейнет жасына 1998 жылғы 1 қаңтардан кейін жеткен азаматтар. 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек өтілі болғандықтан, олар да еңбек және базалық зейнетақылары мемлекеттік бюджеттен, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан өз жинақтары есебінен жинақтаушы зейнетақы алады.

Бұл жерде бір мәселенің шегі қылтып көрініп тұр. 1998 жылдың 1 қаңтарынан кейін шыққандардың жұмыс өтілі аз. Демек, мемлекеттен зейнетақыны алып отырған зейнеткерлердің ынтымақты зейнетақы мөлшерінің азаюы және болашақ зейнеткерлердің жинақтары жеткіліксіз болмақ. Сондықтан, кодексте бүгінгі буын зейнеткерлері үшін алдағы 5 жылда базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көбейту қаралуда. Оның ең төменгі мөлшері күнкөріс деңгейінің 54%-нан 70%-

ына дейін, ал жоғары мөлшері 120%-ға дейін арттырылады. Сондықтан, биылғы жыл басынан бірінші және екінші буын зейнеткерлердің ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін күнкөріс деңгейінің 54-60%-ға дейін көбейтілді. Бұл шара 2028 жылға дейін жалғасып, базалық зейнетақының көлемі 2022 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге өсетін болады. Зейнеткерлік жасына жеткен азаматтар үшін 1998 жылға дейін еңбек өтіліне сәйкес, төленетін зейнетақының мөлшері 55 айлық есептік көрсеткішке тең келетін табыстың көлемінен есептеледі. Нәтижесінде орташа зейнетақының мөлшері биыл 120

• МӘСЕЛЕ

Жаңа стандарт қаншалықты тиімді?

Бізде облыста 4 112 дәрігер, 8 904 орта медициналық қызметкер бар. Мемлекет басшысының тапсырмасымен олардың еңбекақысы жыл сайын өсіп, әлеуметтік қолдау жасалып жатқанына қарамастан әлі де медициналық қызметкерлер тапшы. Биылдан бастап енгізілетін үздіксіз білім беру жүйесі бұл тапшылықты шешудің орнына бұл қажеттілікті арттырып жібере ме деген алаңдаушылық та бар.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Мәселе былай. Өткенде өңірде Сенат депутаты Серік Өтешов келгенде облыстың мәслихат депутаттары аймақтағы бірқатар мәселелердің шетін шығарды. Облыстық мәслихаттың депутаты Қадияша Оспанова кадр тапшылығын көтерді. Қадияша Базарбайқызының айтуынша, медициналық мамандардың тапшылығы бүгінде айқын сезіледі.

– Медициналық кадрларды даярлау жүйесіндегі жыл сайынғы реформалар салдарынан педиатр мен бейінді мамандардың тапшылығы туындады. Биылдан бастап, медицина мамандықтарына оқуға түскен студенттер алты жыл оқып бітіргеннен кейін дәрігер болып жұмыс істей алмайды. Олар



резидентураға түсуге міндетті. Ол жерде үш жыл оқып, 9 жылдан кейін ғана дәрігерлікке кіресің. Яғни, бұл мамандарды біз 9 жыл күтуіміз керек. Медициналық оқу орындарында клиникада істеген профессорлар қалмады. Теорияны ғана оқытып жатыр, – дейді әлеуметтік-мәдени даму және ха-

лықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова.

Депутат мәселеге қатысты ұсыныстарын да жеткізді.

– Денсаулық сақтау министрлігі кадр даярлау стандарттарын қайта қарастыруы керек. Оқу мерзімі алты жыл болып қалсын, үздіксіз кәсіби оқыту факультеттерінің жұмысын қайта жандандырыңыз. Оның ішінде, педиатрларды даярлайтын қысқамерзімді оқыту (сертификациялық курс) мен қысқамерзімді резидентураға даярлауды (1 жыл) қолға алуға керек, – делі Қадияша Базарбайқызы.

Қарағанды медицина университетінің стратегиялық даму және халықаралық серіктестік жөніндегі проректоры Виктор Риклефс интеграцияланған оқыту болашақ мамандардың кәсібилігін арттыруға ықпал етеді деген пікірде.

– Бұрын бакалавриатты студенттер 7 жыл оқытып. Оқып біткеннен кейін жұмыс істей беретін. Магистратураға түсетіндер түседі. Резидентура да солай, оқитындары оқи береді. Биыл енгізілетін интеграцияланған оқу стандартына сәйкес, бакалавриатты оқу 1 жылға қысқартып, алты жыл

оқытылса, резидентураны оқу міндеттеледі. Оның мерзімі әр мамандыққа әртүрлі, – дейді проректор.

Виктор Петровичтің айтуынша, резидентура оқу емес.

– Ол – практика. Резиденттер нақты бір дәрігерлердің қол астында жұмыс істейді. Оқу да жүріп жатады. Резидентураны оқымаса, 6 жылдан кейін жұмысқа орналаса алмайды. Өзгерістерге байланысты резидентураға бөлінген грант саны көбейіп, 3500-ге жетті, – делі Виктор Риклефс.

Медициналық жоғары оқу орындарының студенттері бұған дейін 4-5 жыл оқып бакалавр атанды. Тағы 1-2 жылда интернатура, 2-4 жыл резидентурада оқыды. Кейін 3 жыл докторантурада оқып, PhD доктор болатын. Биылғы оқу жылынан бастап, бакалавриат, магистратура мен интернатураны қосып, алты жыл үздіксіз интеграцияланған білім беру әдісін енгізу стратегиясын Денсаулық сақтау министрлігі қабылдап қойған.

Облыстың денсаулық сақтау басқармасының дерегіне, 215 маман қажет. Оның 194-і – қалада болса, 21-і – ауылдық жерлерде. Былтыр 284 жас маман келді. Олардың 94-і – жалпы практика дәрігері. Жалпы денсаулық сақтау маманы – 7, резиденттер қатары – 183 адам. Бұлардың 30-ы ауылдық жерлерге кетті.



Мағжан мектебінің «мұңы»

немесе «бір қайғы жүз қайғыны қозғайды»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Билікке бағынбайтын Долгомысов кім?

Мәселенің мән-жайын білмеке М.Жұмбаев атындағы гимназияға ат басын бұрдық. Алдымыздан қарсы алған директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ұлпан Тәттімбетова мен директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Нұргүл Төлеуайқызы қараусыз ғимараттың балаларға қауіп төндіріп тұрғанын айтты, әңгімені төтесінен бастады.

Бұл нысанның 1991 жылы іргетасы қаланған. Үш қабатты, толық салынбаған ғимарат. Иесі – Владимир Владимирович Долгомысов. Меншік иесі осы уақытқа дейін ғимаратқа көңіл бөлмеген. Сондықтан, бұл жер қаңғыбастанды, бетімен кеткен жасөспірімдердің темекі шегіп, асы су ішетін мекеніне айналды. Күйінгерлігі сол, нысан мектеп аумағында. Балалар құрылысы аяқталмаған ғимаратқа үйір. Ішіне кіріп, төбесіне шығып алуы жиі. Бұған мектеп әкімшілігі ұайым кешіп отыр. «Жаман айтпай, жақсы жоқ», егер де балалар жазатайым осы қараусыз ғимаратта бірдеңе ұрынып қалса, мектеп әкімшілігі жауапты. Жоқ жерде, жазықты боп шыға келері хақ. Өйткені, ғимарат мектеп аумағында. Қаладағы осындай қараусыз ғимараттардың бірінде балалар жазым болған жағдайлар да кездескен еді. Осындай қайғылы жайттың қайталанбауына кім кепіл?

Бұл мәселе балалардың қауіпсіздігін ойлайтын мектеп басшылығы мен ата-аналардың жылдар бойы бас ауруына айналған-тын. Сондықтан, қараусыз ғимарат оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін түсінген гимназия әкімшілігі мен Қарағанды қаласы білім бөлімі осыған дейін қажетті органдарға (қалалық мәслихат, полиция, прокуратура, Қазыбек би ауданының әкімдігіне) хат жазып, жағдайды жеткізген.

2019 жылы қаланың Оңтүстік-шығыс полиция бөлімі ғимарат иесі В.Долгомысовты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 505-бабы бойынша



хаттама толтырған. Осыдан соң сең қозғалғандай болып, В.Долгомысов өзіне тиесілі аумақты күтіп ұстау және қоршау туралы гимназия директорының атына кепілхат жазды. Алайда, бұл азамат өзіне тиесілі ғимаратты қоршау, күзетші қою, қоқыстардан тазарту туралы талаптарды орындамаған. Содан, әлі де жасөспірімдерге қауіп төніп тұр. Одан қалды, мектеп айналасы қоқысқа толып кеткен. 2021 жылдың жазында балалар ғимарат ішіне, айналасына 3-4 рет өрт қойған. Мектеп әкімшілігі өрт сөндірушілерді шақыртып, сөндіріпті.

– Бұл нысан кезінде бассейн болады деп салынған. Төрт жыл ішінде білгеніміз, бұл жер жекеменшікке өтіп кеткен. Иесіне жеке-кей хат та жаздық. Ешқандай нәтиже жоқ. Балалар ішіне кіріп, төбесіне шығып ойнайды. Ғимарат иесі Владимир Долгомысов біздің талабымызбен есік-терезелерді кірпішпен жапты. Бірақ, мұнда келетіндер оны бұзып, қайтадан өздерінің ыңғайына келтіріп алды. Тіпті, осы жерге келетін бұзақылар мектептің төртінші қабаттағы терезесіне тас лақтырып, сындырды. Ғимарат айналасын қоқысқа толтырды. Бұл нысан не

сүрілмейді, не иесі қоршамайды. Біз осыған алаңдап, қаншама жерге хат жаздық, алайда еш нәтижесіз. Мәселе – білім ордасы мен балаларға қатысты. Демек, нақты шешімі болуы тиіс, – деді мектеп директорының орынбасарлары.

Ұлпан Тәттімбетова мектептің артындағы аумақты көрсетіп, «осы жердің не меншік иесіне, не мектепке тиесілі екені белгісіз.

Егер бұл аумақ мектепке берілсе, балалар ойнайтын спорт алаңына айналуы еді», – дейді.

Билік осы ғимаратты мектептің балансына тапсырса, кабинет жетіспеушілігі азайып, балаларға қосымша сабақ өткізетін орынға айналдыруға әзірліктерін де жеткізді. Оның айтуынша, бұл жағдай ата-аналар мен қызметкерлерді аса алаңдатып отыр.

Қарауыл қауқары көпке жетпейді

Мектеп күзетшісі Дауылбай Нелдібаевтің айтуынша, бұзақы балалар, әсіресе, кешкі уақытта топтасады екен. Мектептің сыртында орнатылған бейнекамера екі ракурстан түсіреді. Олардың жиналып отырғандарын бейнекамерадан көргенде мектеп ауласынан қуып жіберетінін айтты. Бірақ, оларға тыйым жоқ. Қайта келе береді.

Оңтүстік-шығыс полиция бөлімінің басшысы, подполковник Ерлан Мұсабековке мектептің бұрынғы басшысы Абылай Жәлелов 15 мамырда қараусыз ғимарат иесін жауапкершілікке тарту туралы хабарлама жіберген. Ерлан Мұсабековке хабарласқанымызда:

– Ол аяқсыз қалған құрылыстан хабарымыз бар. Біз заң бойынша ғимарат иесін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 505-бабы бойынша ғана жазаға тарта аламыз. Қалғаны біздің құзыретімізге жатпайды, – деп ақталды.

3 шілде күні мектеп директоры міндетін атқарушы Дана Өмірбаева Қарағанды қаласының әкіміне бұл мәселенің тез арада шешімін табуына ықпал етуін сұрап, хат жолдаған. Одан әлі жауап келмеді.

Аңғал-саңғал ғимарат – балаға қауіп

Бір ғана Қарағанды қаласында құрылысы аяқталмай, қараусыз қалған ғимараттар саны қаншама. Әлихан Бөкейхан ауданында

осындай 20 шақты ғимарат бар екен. Балалардың сонда кіріп алатыны, ойнайтыны белгілі. Әлеуметтік желідегі бейнежазбаларда осындай ғимараттарда балконнан-балконға секіріп ойнап жүрген балаларды көрген адамның төбе шашы тік тұрады.

Қаланың қас қабырғасында бір кездері аты дардай мейрамхана, кейін букмекерлік кеңсеге айналған ғимарат қазір қаңырап бос тұр. Кейінгі жылдары меншік иесі істі болып, нысан қаңғыбастан жиналатын орынға айналып үлгерген.

– Нысанның қожайыны қазір елде жоқ. Облыста жақын туыстары да табылмады. Инспекторлар арасында сол жерге барып, тексеріп тұрады. Үйсіз-күйсіз жүргендердің сонда барып күнелтетіні жасырын емес. Оларды уақытша бейімдеу орталығына алып барамыз. Бірақ олар қайтадан сол жерге барып алады, – дейді Қарағанды қаласы жергілікті полиция қызметі басшысының орынбасары Аңсар Әлкенов. Жергілікті әкімдік нысанды мемлекет меншігіне қайтаруды көздеп отыр.

Десе де, балалар үшін қауіп төндіретін ғимараттарды мемлекеттің меншігіне алу оңай шаруа емес екен. Өйткені, ұзақ уақытты талап етеді. Қарағанды қаласы бойынша құрылысы аяқталмаған үш нысан былтыр толық мемлекет меншігіне қайтарылған. Алдағы уақытта олар сүрілуі мүмкін.

– Алдымен сотқа жолданады. Сот шешімі шыққаннан кейін техникалық құқықты белгілейтін құжаттар жасалып, мемлекеттік тіркелу өтеді. Ғимарат мемлекет меншігіне толық өткен соң шешім қабылданады, – дейді Қарағанды қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрболат Нахатов.

Оқушы жазым болса, кім жазықты?

Мәселе балаға келгенде, оның шешімі табылуы тиіс. Құрылысы толық бітпей, қараусыз қалған нысанның қай-қайсысы болмасын, балалар мен ересектерге қауіп төндіріп тұр. Әсіресе, алаңдатыны – мектеп аумағында орналасқан ғимарат. Оның жауапсыз иесінің кесірінен жасөспірімдер мен мектеп оқушылары жазым болмаса игі еді...

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КӨКЕЙКЕСТІ

Жастарды жұмылдырар тетік кемшін

Шынтауында, жиырма, отызды қойшы, қырыққа да қазақша сөйлей алмайтын, мемлекеттік деңгейде ойлау үрдісі жоқ мемлекеттік қызметшіден не үміт, не қайыр?! Мемлекетке деген махаббаты қазақша сөйлеуінен айнымай байқалатын жастардың да қара үзін тұрғаны шамалы. Содан көңілің құлазып, ойын бекенейлің, топсасынан айрылған есік сынды күйреу алдында тұрғандай сезінесің өзіңді. Әйтпесе, соңғы кезде елдің саяси-әлеуметтік кеңістігінде жастар тарапынан ұлтты сүю ыңғайында жарқ еткен жаңалық болмауын немен түсіндіруге болады? Бұрын жастарды қоғамның барометрі деуші едік. Жастар қозғалысынан қоғамның дамуы, бағыт-бағдары, беталысы аңдалатын. Қазір бәрі көмескі тартқан. Келешек бұлыңғырланып, жер мен көктің орындары ауысып кеткендей. Айналаға баға беруден қалдық.

Өсіліңде, жастардың әлеуметтік мәртебесі өспейінше, ұлтқа сүйенген азаматтық қоғам құрудың ауылы әлі алыс бізде. Ол үшін алдымен ұлтымен жаны бір азаматтық бірегейлікті (гражданская идентичность) мақсатты түрде қалыптастырып алғанымыз жөн болады (бұл жерде азаматтық бірегейлікті біртұтас мемлекет құратын қоғамдастық, басқаша айтқанда, қан, тегі түрлі болса да, бір ұлттық мемлекеттің азаматтары деп ұққан ләзім). Бұл әрі кезек күттірмейтін міндет. Сол қасиеттерді өскелең ұрпақ бойына сіңдіру мемлекеттің басты міндетінің біріне айналуы керек. Әйтсе де, ашығын айтпайық, қоғамымызда бұл бағытта жүргізіліп жатқан нақты бір жүйелі жұмысты көре алмай келеміз. Мемлекеттік идеологтар жастарды жұмылдырудың тиімді толыққанды тетіктерін әлі күнге дейін таба алмай жүр.

Идеология саласында қандай бағыт-таршын түсіп жатыр? Біріншіден, кадр саясатындағы кемшілік, немесе оның тиімділігінің төмендігі, ұлттық идеологияны алға жылжытатын жастар ортасынан жарып шығар қазақтілді көсем-лидерлердің тым аздығы. Дәл қазір біздің қоғамға ұлтты үшін күш-қуатын аямай жұмсайтын, құрыштай шыныққан Павел Корчагиндер керек. Мұндай әдеби бейнелерді қалам шеберлері өздігінен – жүрек өмірімен жасамаса, оларға мемлекет тарапынан тапсырыспен жаздыру керек. Бұл жерде құрдымға кеткен советтік идеологияны қалыптастыру механизмін үлгі ретінде негізге алғанымыз жөн. Екіншіден, қоғамдық пікір қалыптастыруға дайындықтың жеткіліксіздігі, формализм және оны іске асырудағы стереотиптік,



үкіметтік бастамалардың ақпараттық қолдаудың аздығы. Үшіншіден, әлеуметтік депрессия мен пессимизм деңгейінің жоғарылығы, нақты идеологияның жоқтығына байланысты жастар үшін мемлекеттік дамуды іске асыратын қойлайы да түсінікті жобалардың болмауы, бар болса, кең көлемде насихатталмауы. Төртіншіден, идеологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу үшін тәуелсіз сараптамалық құрылымдардың жоқтығы. Бесіншіден, идеологиялық кеңістіктегі ақпараттық саясатты дамытудағы бір орталықтық жоқтығы, яғни орталықсыздандыруға (децентрализация) бағыт алған үдеріс, т.б.

Қайталап айтамыз, еліміздің ертеңгі тағдыры бүгінгі жастардың қолында. Ал, ес кіріп, етек жапқан білімді дейтін жастардың дені – студенттік қауым. Көп-

тен бері жоғары мектепте қызмет етіп жүрген соң, жастар арасындағы кей құбылыстарды, олардың даму бағыттарын жіті аңдығанда қылт еткен жаңалықты қаперімізге алып, әйтеуір ұдайы ізденіс жұмыстарын жүргізіп отыру әдетімізге айналған-ды. Мына жазбамыз да – соның бір айғағы.

Ұлттық мемлекет құру барысында туындайтын жаңа мақсат жоғары білімнің алдына жаңа міндеттер қоюында жатыр. Оларды шешу үшін жаңа ұрпақтың білім беру бағдарламаларын алдын ала жобалау қажет. Кезінде ұлттық нақыштағы ең бір тиімді бағдарлама – «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» болатын. Тұтас бір бөліктері ұлттық құнарға негізделген мұны басқаша бастап кеттік те, жеріне жеткізе алмай тәмамдадық. Шын мәнінде бұл ертеңгі жастарға арналған бағдар-

лама екенін тиісті деңгейде ұғына алмай, біліксіздіктен мақсатсыз қарабайыр науқанға айналдырып, түбіне жетіп тындық ақыры. Прагматизм, бәсекеге қабілеттілік, жүз жаңа оқулық, т.б. бағыттардан туған жер дегеніне жабысып алдық та, мола жағалап кеткеніміз жасырын емес. Өре-өріс, таным-түсінігіміз әлі де тым төмен деңгейде екенінің көрсеткіші бұл.

Қоғамымызда өмір сүрудің тәуекелдік тұстары көбейе түсуде. Оны дәйектеп, дәлелдеп жатудың өзі артық. Білімнің сапасын, оның қолжетімділігі мен ұтқырлығын арттыру, жастардың әлеуметтік мәртебесінің өсуі азаматтық қоғам мен жастар арасында бірлік пен ынтымақтастықты қалыптастырудың алғышарттары болып табылады.

Ұлттық мемлекет құрудың басты талабы – қазіргі жастардың ұлтына адал азаматтық бірегейлігін қалыптастырудың міндеттерін көбіне студенттер қауымдастығындағы жеке-кейінгі жастар ғана атқарып жүр. Көп бөлігі «көп айтса болдыға» (Абай) көніп, көп соңынан еріп жүре берер тобырдай көрінеді. Жұма намызында мешітке лек-легімен ағылатындар – соның нақты дәлелі. «Ақылсыз атқа мінсе, атасын басып кете жаздайдының» кері. Сол бетке ұстар лидерлердің басым бөлігі қоғамдық жұмыстар бойынша түрлі акцияларға және жарыстарға қатысумен ғана тынып жүр. Ал, бұл ұлттық мемлекет құру үшін қажетті жастардың ұлтқа адал азаматтық бірегейлігін қалыптастыру мәселесін түбегейлі шеше алмақ емес. Бұл келелі мәселе қоғам алдында әлі де ашық күйде тұр деуіміз сондықтан.

Уақыт ұтырмай отандық жоғары мектеп алдына студенттердің жеке басын қалыптастырудың тиімді технологиялары мен модельдерін құру мәселесін қоюмыз керек. Бұның мемлекеттіліктің болашағы үшін үлкен стратегиялық маңызы бар. Азаматтық сананың күрделі әлеуметтік құбылыс ретіндегі ерекшелігі – жалпы технологиялық кешенге қарағанда, азаматтық бірегейлікті қалыптастырудың

бірқатар өзіндік айырмашылықтары бар екендігінде. Мұндай технологияларды басқару объектісі тек жастар ғана емес, сонымен қатар олардың өзара әрекеттесу үдерісіндегі өзара байланыстар мен қатынастар екенін ұмытпаған абзал. Бұл технологиялар барлық қоғамның мүдделері мен қажеттіліктерін туындайтын азаматтық қоғамда болып жатқан үдерістерге тікелей әсерін тигізеді. Солардың ішінде азамат пен мемлекеттің өзара әрекетіне басымдық берілуі тиіс. Қазақстандық заң кеңістігінде адам мүддесі мемлекет мүддесінен әлдеқайда биік саналады.

Ұлтына адал азаматтық бірегейлік білім беру технологияларының тиімділік мәселесі өте маңызды және сонымен бірге күрделі болып келеді. Жоғары оқу орнындағы азаматтық білім беру технологиялары тиімділігінің негізгі шарттарының бірі – синергия – білім алушының жеке тәжірибесі мен ғылыми ақпараттарды синтездей алуы. Бұл студенттер талап ететін білімді ғана емес, сонымен қатар, жеке пікір мен өзқарастарды, құндылық бағдарларын, азаматтық мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйіндей келгенде, жоғары оқу орнының білім беру жүйесі аясында ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың мақсаты білімгерлерге өздері үшін маңызды азаматтық позицияны таңдауға жәрдем беру, көмек көрсету болып табылады.

Көптеген идеологтардың басы анық еместігінен жастардың едәуір бөлігі ұлттық саясат аясынан тыс қалып жүр. Сондықтан, ұлттық мемлекет құру үдерісі жастардың санасының төменгі деңгейде болуынан әрі ең бастысы – идеологиялық мазмұнмен толықлауы салдарынан біз күткендей тиісті дәрежеде күшейе алмауда. Жастар өздерінің идеологиялық «негіздерін» өз алдына жеке-жеке дербес іздеуге мәжбүр. Тағы да қайталап айтамыз, мемлекеттік идеологтар жастарды жұмылдырудың тиімді толыққанды тетіктерін әлі күнге әзірлей алмай келеді. Өкінідіретіні де осы.

Елеужан СЕРІМОВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
«Bolashaq» академиясының ғылыми
қызметкері



«Қуаныштағы»

қуаныш – ауыз су

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың соңына дейін сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз ету туралы Үкіметке міндет қойды. «Жалпы ондаған жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан ауыз су мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Сондықтан өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықты 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет» деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Осы орайда әрбір елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша кезеңдік жоспар әзірленді. Әсіресе, шалғай ауылдардағы, ауыз су мәселесі қолға алынды.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету – ел ішінде өзекті мәселенің бірі. Ауыл жұртшылығы үшін аса маңызды ауыз су жыл өткен сайын оң шешімін тауып келеді. Қазіргі таңда Ақтоғай ауданы Қараменде би ауылдық округі Қуаныш ауылына және Жидебай ауылдық округі Үшарал ауылына су құбыры орнатылып, халықты тіршілік көзімен қамтамасыз ету мемлекеттік бағдарлама аясында іске асуда.

«Су – тіршілік көзі» десек, оның сапасы да басты назарда. Халық денсаулығы да судың сапасына тікелей байланысты. Ауылымызға су тартылғанына ел болып, қуандық. Өйткені, су мәселесі бізді көптен бері толғандырып келді, – дейді Қуаныш ауылының тұрғындары.

Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Абылай Аманжоловтың айтуынша, Қараменде би ауылдық округі Қуаныш ауылының су құбыры желілерін салу шарт бойынша – 478,4 млн. теңге. 2022 жылда 301,9 млн.теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүріп жатыр.



– Қуаныш ауылына биыл облыстық бюджеттен 95,7 млн.теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі кезде жалпы ұзындығы – 9383 метр су құбыры тартылды. Құрылыс жұмыстарын аяқтау осы жылдың қыркүйек айына жоспарланып отыр. Уақытша бес жұмыс орны ашылды. Ал, Жидебай ауылдық округі Үшарал ауылының су құбырына 325,9 млн.теңге бөлінген. Өткен жылы 150 млн. теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілді. Осы жылы облыстық бюджеттен – 65,2 млн. теңге, Ұлттық қордан 124,7 млн. теңге бөлінді. Бүгінде құрылыс жұмыстары қарқынды. Қазіргі уақытта жалпы ұзындығы – 5833 метр құбыр тартылды. Құрылыс жұмыстары қыркүйек айында аяқталады. Бұл ауылда уақытша төрт адам жұмыспен қамтылды, – дейді Абылай Аманжолов.

Көптің көкейіндегі проблеманы шешуде атқарылып жатқан жұмыстардың шет жағасы осындай. Тіршілік көзінен таршылық көріп отырған шалғай елді мекендегі тұрғындар дән риза. Ақтоғай ауданында бұдан да басқа ауқымды істер еңсерілмекші.

Ақтоғай ауданы

«Қарағанды-Балқаш»: қыруар қаржы «қолға» кетті ме, жолға кетті ме?

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Жақын да болса,
алыс...»

2018 жылы «ҚазАвтоЖол» ҰҚ акционерлік қоғамы СІПС Construction Co Ltd. және «ҚазГерСтрой» БК ЖШС компаниясымен келісімге келіп, 2019 жылы талапқа сәйкес, құрылыс-монтаж жұмыстарын бастаған. Сол уақытта СІПС Construction Co Ltd. компаниясы консорциумның лидері болып бекітіледі. Алайда, осыдан бірнеше ай бұрын «ҚазГерСтрой» БК ЖШС берілген жүктемені орындамай, жұмыс кестесін бұзғандықтан, консорциум мүшелігінен шығарылды. Қазір бас мердігер – СІПС Construction Co Ltd. жұмысты жалғыз жүргізіп жатыр.

Ал, «ҚазАвтоЖол» ҰҚ акционерлік қоғамының баспасөз хатшысы Ләззат Стамғазиева құрылыс жұмыстарының созылу себебін былай деп түсіндірді.

– COVID-19 пандемиясынан кейін жол-құрылыс материалдарының және жалпы құрылыстың өзіндік құны күрт қымбаттауына байланысты, жобалау-сметалық құжаттарға түзетулер енгізілді. Соның салдарынан жұмыс жоспарын бір жылға шегердік. Бұл жағдайды «Қаз-АвтоЖол» ҰҚ акционерлік қоғамы мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті бірлесіп отырып қарастырды. Төрт жолақты автобан келер жылдың I жартыжылдығында толық пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сметалық құжатқа түзетулер енгізіліп жатқанда, мердігер компания жол-құрылыс жұмыстарын өз қаражаты есебінен жүргізді, – деді Ләззат Стамғазиева.

Құрылысқа ең қажетті басты материалдардың бағасы еселеніп кеткен.

– Мысалы, ПЦ 400-Д0 маркалы портландцементтің құнын сметалық құжатқа – 16 330 теңге болғанда бекіткенбіз. Қазір ол – 35 897 теңге тұрады. Жол құрылыс битумы 100/130 маркасының жобалық сметалық құны – 106 230 теңге болса, бүгін бағасы – 210 146 теңгеге қымбаттаған. Одан бөлек, арматураның жобалық-сметалық құнын – 170 310 теңгемен есептесек, ол 376 202 теңгеге күрт көтерілді, – деді Ләззат Кеңесқызы.

Быылғы құрылыс маусымы басталғалы бері 20 шақырым асфальт жол төселген. Ал, жалпы жоспар бойынша жұмыстың 70%-ы орындалғандығын айтады компанияның ресми өкілі. Яғни, автобан бойына салынуы керек 310 су өткізу құ-



бырының 299-ы төселген. Жобадағы 11 көпірдің жартысынан көбі аяқталыпты. Ауыл шаруашылығы техникасының өтуі үшін төселетін жол құрылысы – 75%-ға орындалған. Теміржол арқылы өтетін I өткелдің жөндеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Қазіргі таңда жол құрылысына 500-ге жуық техника жұмылдырылған. 700-ге жуық жұмысшы нақақасын айырып жүр.

Сапа талапқа сай ма?

«Қарағанды-Балқаш» тасжолы – сегіз учаскеден тұрады. Әрі әрқайсысы бес климаттық белдеуде орналасқан. Мамандар осы мәселені ескере отырып, жолды бес қабатпен салған. Оған қоса, әр климаттық жағдай бойынша жол сапасының құрамы да бір-біріне ұқсайды.

Мәселен, №1-4 учаскесінің төменгі қабатына қиыршық тасты құм қоспасы төселген. Оның үстінен құл қоспасымен белсендірілген құмды цемент қоспасы жүргізілді. Осы процесс біткеннен кейін ыстық ірі түйіршікті тығыз асфальт-бетонмен тегістеліп, үстінен қиыршық

тасты мастикалық асфальтбетонмен жапқан.

№5 учаскедегі төсем сәл өзгереді. Климаттық жағдайға байланысты жолдың екінші қабатына қиыршық тасты құмды цемент қоспасын төсеген. Ал, №6-8 учаскесі бес қабатпен салынуға. Ең бірінші байланысты нығайту үшін минералды қоспаның топырағы себілген. Оның үстінен қара қиыршық тас төселіп, ыстық ірі түйіршікті асфальтбетон құйылады. Төртінші қабатына ыстық ірі түйіршікті тығыз асфальтбетон, бетінен қиыршық тасты мастикалық асфальтбетон төселеді.

Тағы бір артықшылығы – жол бетондалмайды. Яғни, «Қарағанды-Астана» автобанындай тайғақ, қауіпті емес.

Түйін

«Қарағанды-Балқаш» автобаны – I және II санаттағы автожолдың қатарында. Басты ерекшелігі – жолдың бес қабатты жабыны. Жауапты компания өкілі төрт жолақты автобан келер жылы толық қол-

данысқа берілетіндігін баса айтты. Бірақ, көптің сөзіне сүйенсек, оған әлі ерте сынайды.

– Жұмыс қызу жүріп жатыр. Алғашқы жылдарға қарағанда жол едәуір жақсарды. Дегенмен, айналма жолдар әлі де көп. Уақытында құм сеуіп, тазалап тұрмағандықтан қиыршық тастар бетіне шығып кетті. Ойлы-шұңқыры да азаймай тұр. Шындығында, автобаның бір бағыты толық біткен жоқ. Жәмші өзенінің тұсында, Ақшатау мен Шеттің арасында ескі асфальт бар. Ал, Бектауатаның тұсы – ойдым-ойдым. «Салып бітеміз» дегенше, бүлдіріп те үлгеріп жатыр. Дәп сол жерді қырып, қайтадан асфальт төсесе. Шет пен Ақшатаудың тұсында асфальттің төмен түсіп кеткен тұстары бар. Бұл жол үстің дұрыс тегістемегендіктен орын алған, – дейді Дастан есімді жүргізуші.

Жоғарыда айтқандай, бүгінде жалпы жұмыс жоспарының 70%-ы орындалыпты. Алайда, жолда жүрген көлік иелерінің сөзі – осы!

Суреттер «ҚазАвтоЖол» ҰҚ АҚ алынды

Тұрғын үй құрылысы тоқтамауы тиіс

Бүгінгі күнге дейін Теміртау қаласы мен оның аумағына кіретін Ақтау кентін қоса алғанда 2533 отбасы пәтер кезегінде тұр екен. Халқының саны 190 мыңнан асқан өңір үшін, әрине, бұл соншалықты үлкен көрсеткіш емес. Алайда, кейінгі кезде осында алыс-жақын шет елдерден қандастарымыздың көптеп көшіп келуіне байланысты, тұрғын үй құрылысын салудың қарқынын арттырып, оны тоқтатпау өзекті де маңызды. Бұл мәселе – Теміртау қаласының әкімдігі назарында.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Теміртау қаласының құрылыс бөлімінің басшысы Нұржас Жәкітайдың айтуынша, қалада пәтер кезегінде тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмысы бес жоба бойынша жүзеге асырылып жатқан көрінеді. Соның бірі – қаланың «4 А» орамдағы 60 пәтерлі 10-үйдің құрылысы. Оны салып жатқан «ҚұрманҚұрылыс» ЖШС 2023 жылдың 12 шілдесіне дейін оған бөлінген қаражаттың 22,3 пайызын ғана игеріпті. Құрылысы 2022 жылдың соңында аяқталуы тиіс болған бұл нысанға облыстық бюджеттен дер кезінде қаржының бөлінуі мен оның астынан мемлекеттік байланыс желісінің өтуіне байланысты мұндағы шаруа кібіртіктеп қалған. Енді оны жыл аяғына дейін толық тәмамдау міндеті қойылып отыр. Мұны қала әкімі Ораз Тәуірбеков қадап айтты.

Келесі кезекте «4 А» орамдағы 90 пәтерлі 10/1 үйдің құрылысы да жоғарыда аталған мердігер ұйымның құрылысшылары жүргізуде. Тұрғындарға жалға берілетін бұл нысан да қаржының мезгілінде бөлінбеуінен 2022 жылдың аяғында бітпей қалған. Әрі құрылыс материалдары мен жабдықтарының бағасы да



73 пайыз өсіп кеткендіктен жобалық-сметалық құжаттарға өзгеріс енгізіліп, оны 2024 жылдың бірінші жартысында пайдалануға беру көзделуде.

Тағы да осы «4 А» орамдағы 90 пәтерлі 10/2-үйдің де құрылысы аяқталмауына осындай жағдайлар себеп болған. Оның да жобалау-сметалық құжаттары қайта қаралып, оны да алдағы жылдың алғашқы жартыжылдығында бітіру жоспарда.

Несиелік баспана үшін құрылысы 2022 жылдың шілдесінде басталмақшы 36 пәтерлі үйге мердігер ұйым «Казспецстрой 2020» ЖШС дер кезінде кіріспей,

тек тапсырыс беруші қалалық құрылыс бөлімі сотқа арзы бергеннен кейін осы 14 маусымнан ғана жұмысты бастаған.

Ал, 9-ықшам аудандағы жалға берілетін бір үйдің құрылысы биылғы сәуір айында басталып, оны да 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында бітіретін болып белгіленген.

Жалпы, қазірге дейін қала бойынша биылға белгіленген 18 595 шаршы метр тұрғын үй салудың 7143 шаршы метрі орындалған. Бұлардан бөлек, 2023 жылы қайтарма тұрғын үй нарығынан 325 пәтер сатып алу жоспарланған.

Теміртау қалалық ТКШ, жолаушылар



көлігі және автомобиль жолдары басшысы Искандер Қабидулла мемлекеттік тұрғын үй қорынан азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету туралы баяндады. Бұл тізімге алдында айтқан 2533 отбасы кіреді екен. Олар өз ішінде асыраушысынан айырылған жетім балалар, көпбалалы отбасылар, халықтың әлеуметтік осал топтары, бюджеттік ұйымдар мен мемлекеттік қызметшілер, үйлері апатты жағдайда деп танылған азаматтар болып бес санатқа бөлінеді. Бұдан өзге, биылғы 7 айда тұрғын үй алуға өтініш берген 245 адамның 141-і пәтер кезегіне қойылған.

Осылардың қатарынан өткен жартыжылдықта 19 отбасы пәтер кілтін ие болған. Сондай-ақ, қайтарма тұрғын үйден 17 адамға пәтер сатып әперіліп, тауядағы мерзімде тағы үш адам соған қол жеткізбек. Енді жыл аяғына дейін елгі «4 А» орамдағы 60 пәтерлі үйдің құрылысы бітсе, сонша отбасы қоныстой жасайтын болады. Сонымен бірге, тағы 16 адамға пәтер сатып әперілмек.

Сөйтіп, 2023 жылы Теміртау қаласында тұрғын үй кезегінде тұрғандар мен жеңілдікті пайдаланатын жас мамандардың 200-і пәтер кілтін иеленетін тұрды бар.

ТЕМІРТАУ



Жерасты жылыжайы – тың жоба

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында ғылым саласын дамыту мәселесі бойынша «Бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет» деген болатын. Бүгінде еліміздегі жоғары оқу орындарында шетелдік филиалдардың ашылуы, жас ғалымдарға грант, жалпы ғылымның дамуына көңіл бөлініп жатқаны – соның дәлелі. Жоғары білім саласы заман ағымына ілесіп, сапалы маман даярлауға дағдыланады. Мәселен, өңірдегі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіндегі жерасты жылыжайының салынуы – оқытушылар мен студенттер үшін тың жаңалық болып отыр. Тіпті, бұл Қарағанды қаласындағы алғашқы жерасты жылыжайы десе де болады.

расты жылыжайының құрылысы қызу жүріп жатыр. Ұзындығы – 45 метр, ені – 5 метр, тереңдігі – 6 метр. Жылыжай жер бетінен 80 см-ге шығып тұрады, қалған бөлігі жылуды жыл бойына бір қалыпты сақтап тұру үшін жер астына орналастырылады. Мұн-

баев қаласында ғана бар. Ал, Қарағандыда жерасты жылыжайы университетте оқу-өндірістік мақсатта алғаш рет салынууда.

Университет басшылығы осы жылыжайды салуға 200 млн. теңге қаржы бөлген.

– Термос жылыжайдың ішінде өсірілетін барлық гүл, ағаш сыйды өсімдіктер Бөкетов университетінің оқу ғимараттарымен қатар Қарағанды қаласы-



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жерасты жылыжайы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің биология-география факультетінің аумағында салынып жатыр. Бұл жылыжай аталған жоғары оқу орнында даярланатын биолог, биотехнолог мамандары, магистрант, докторанттар үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

– Университет аумағында жылыжай салу идеясы осыдан 15 жыл бұрын айтылған. Ғалымдар ол кезде жер үстіндегі жылыжай салу мәселесін қарастырды. Бірақ, Қарағандының қысы қатты, жазы ыстықтығын ескере келе, жер астындағы жылыжай салуды мақсат еттік.

Бұл энергияны үнемдеуге және тұрақты температураны сақтауға мүмкіндік береді. Жерасты жылыжайлары Солтүстік Еуропа елдерінде кеңінен қолданылады. Соның негізінде осыдан үш жыл бұрын Сәтбаев қаласында жеке кәсіпкер термос жылыжайын салған болатын.

Университет ғалымдары сонда барып, жылыжайдың жайымен танысып, тәжірибе алмасып қайтты, – деді университеттің биология-география фа-



культетінің деканы Серікболат Талжанов.

Биыл сәуір айында басталған құрылыс нысаны қыркүйек айының алғашқы күндерінде то-

лық салынып бітеді деп жоспарланған. Бас мердігер – «CK NEW CITY» ЖШС.

Қазіргі уақытта жалпы аумағы 250 шаршы метрді құрайтын же-

да тұрақты температура – +20-25 градус.

Озық технологиямен салынып жатқан мұндай жылыжай Қарағанды облысы бойынша Сәт-

ның Оңтүстік-Шығыс аумағын қамтуға күші жетеді, – дейді биология-география факультетінің деканы Серікболат Талжанов.

Оның айтуынша, бұған дейін

далалық практикаға шыққан университет студенттеріне жерасты жылыжайы тәжірибе жасауға мүмкіндік береді.

Мұнда 2 секция болады. Олардың бірі студенттерді оқытуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған. Екінші бөлімде қажеттілік үшін өсімдіктер өсіріледі және тәлімбақ жасалады.

Термос жылыжай құрылысымен қатар, университеттің бас ғимараты мен №3 ғимараттың арасында абақтандыру жұмысы бірге жүргізіліп жатыр. Абақтандыру бойынша университет аумағына қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты ағаштың 15 түрлі сұрпынан жалпы саны 735 ағаш отырғызылған. Өсімдіктерді автоматты суару жүйесі орнатылған.

Жерасты жылыжайы жыл бойы көкөніс өсіруге мүмкіндік беретін нысан ретінде әлем елдерінде кеңінен қолданылады. Қысы суық, климаты әр текті аймақтарды көкөніспен қамтуда зор мүмкіндік беретінін айтады мамандар. Ашық деректегі мәліметтерге сүйенсек, жерасты жылыжайларда термооске тан жылу сақтау жүйе әрекет етеді. Қыста және жазда температура ауытқуы айтарлықтай емес, жыл бойына дерлік тұрақты.

• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Сапа неге төмен?

Жоғары білім – адамның білім беру траекториясының маңызды элементі. Бүгінгі таңда бұл – әр адамның табысты өмірлік мансабын құрудың жалғыз демократиялық құралы. Қазіргі уақытта елдің барлық азаматтары, оның ішінде, мүгедектер де білім алуға, жоғары білім алуға заңнамалық құқығы бар.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда білім сапасының төмендігі біздің қоғамның ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Мұның көптеген себептері бар. Білім деңгейі төмендігінің ең маңызды себептері – жоғары оқу орындарының ақылы қызмет көрсетуі. Бұл – білім беру мекемелері үшін инвестиция көзі. Салдары сапасыз маманның даярлануына әкеп соғады. Көптеген студенттер білім мазмұнына емес, ресми бағалау белгілеріне назар аударады, олар үшін кәсіби қызметке қажетті білім емес, жақсы диплом алу маңызды.

Қазіргі студенттердің теледидар мен компьютерде, әлеуметтік желіде тәрбиеленген ұрпаққа жататындығын айтпасақ болмайды. Әлеуметтік желілерде олар қалаған бейнені жасап, оны сақтай алады, табысқа жетеді және танымал бола алады. Уақытының көп бөлігін интернетте өткізетін адам мына үнемі ақпаратты шамадан тыс жүктейді. Сондықтан, «оқуға деген мотивация атрофияға ұшырайды, олар қызықпайды, назар аудара алмайды».

Оқу сапасының төмендеуінің тағы бір себебі – көптеген студенттер университетте оқығысы келмейді, бірақ, оларды ата-аналары мәжбүрлейді. Нәтижесінде біз мүлдем ынтасыз білім алушыларды оқуға аламыз. Көптеген зерттеулер баланың университетке түсуге деген ұмтылысы мен оның отбасының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары арасында байланыс бар екенін көрсетеді. Отбасының әлеуметтік ресурсы неғұрлым бай болса, (оның ішінде, ата-ананың білім беру мәртебесі жоғары болса), тұлелік жоғары білім алуға ұмтылу ықтималдығы соғұрлым жоғары. Осылайша, студенттерді оқуға ынталандыру мәселесі бүгінгі күні өте өткір тұр. Сондықтан, оқытушылар оқу процесіне өз шәкірттерін тарту, алынған мамандыққа қызығушылықты ояту бойынша өз жұмыстарын жандандыруы қажет.



Сурет интернеттен алынды

Қазіргі білім беру жағдайында студенттердің білім сапасы біраз төмендеді. Білім сапасының төмендеуі – қашықтан оқудың салдары. Әлемдік пандемияға байланысты, қашықтан оқуға тура келді. Сол кезде әр студенттің білім сапасы біршама төмендеп кеткені жасырын емес. Күнделікті мұғалім алдында отырып білім алып, әр сабақ барысында берілген тапсырманы талдап, түсінбеген тапсырмаларды бірлесе орындаудың нәтижесінде студенттер білімінің негізі қаланатын еді. Білім сапасына қашықтан оқыту кері әсер етті.

Білім саласына жиі жасалған реформалардың нәтижесі отандық оқу-ағарту жүйесінен нақты көрініс тауып отырғанын ешкім жоққа шығара алмас. Дегенмен, орта мектептердегі білім сапасының деңгейі мақтанарлықтай емес екенін мойындауымыз керек. Жалпы, білім сапасының деңгейіне тікелей әсер ететін фактор тек оқу үлгерімі ғана емес. Бұл анық. Оған мысал ретінде студенттерге алаңсыз білім алуға жасалған жағдайдың

төмендігін және ұйымдастыру мен тәрбие ісіндегі кемшіліктерді де жатқызуға болады. Жалпы, бұл мәселе 2025 жылға дейін шешімін табуы тиіс болған. Алайда, нақты жағдайға қарасақ, қазір жағдай, тіптен, күрделене түскен сияқты. Өйткені, аймақтағы демографиялық өсімнің

тыруға болады: студенттермен пікір алмасу, шетелдік лекторларды шақыру, ғылыми-практикалық жұмыстар жүргізу, әртүрлі басылымдарда мақалалар жариялау, курстық және дипломдық жұмыстарды шет тілінде қорғау. Студенттермен жұмыс істеудің аталған бағыттары ын-



Оқулықтың 80%-ы цифрлы форматта

Алдағы уақытта ақпараттық технологияның арқасында оқушылар қабырғасы қайысып кітап арқаламауы мүмкін. Гаджет қажетті ашып, көп оқулықты алақандай бір ақылды технология алмастыра алатын күн жақындады. Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің хабарлауынша, қазіргі таңда оқулықтардың 80 пайызы цифрлы форматқа көшірілген. Бұл цифрлық оқулықтар мемлекеттік сараптамадан сүрінбей өтіп, оқу-әдістемелік кешендер тізіміне енген екен. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

100 пайыз қамту жоспарланған, – дейді Орта білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

«Электронды оқулықтармен қатар мектептерде қосымша оқу материалы ретінде мультимедиялық контентті бар цифрлы білім беру ресурстары белсенді қолданылады. Қазіргі күні 50 мыңнан аса цифр-

тар мектептерде қосымша оқу материалы ретінде мультимедиялық контентті бар цифрлы білім беру ресурстары белсенді қолданылады. Қазіргі күні 50 мыңнан аса цифр-



енгізу мақсатында педагогтердің оны пайдалануы үшін әдістемелік ұсынымдар да әзірленіп, оқытылыпты.

– Қазіргі күні еліміздегі бастауыш сынып оқулықтарының 94 пайызы, 5-9 сынып оқулықтарының 81 пайызы, 10-11 сынып оқулықтарының 61 пайызы электронды нұсқаға көшірілген. 2024 жылы пәндерді цифрлық оқулықтармен

лық білім беру ресурсы жасалды. 2023 жылдың басынан бастап Цифрлық білім беру ресурстарына 6,7 мың мектеп қосылды. Бұл ресурстарды бүгінде күн сайын 3 миллионға дейін оқушы мен мұғалім қолданып келеді. Барлық сыныптарды қамтитын 50 мыңнан аса бейнесабақ жарияланған, – делінген баспасөз хабарламасында.

Л.ЖУМАҚАНОВА, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы

Назира МЕДЕТ, филология факультетінің студенті

• ЕСТЕЛІК

Жұмбақ жан

Тумысынан тұлғасы тал бойына жарасып тұратын, азаматтығы – атадан, тектілігі – әкеден дарыған, шалқар білім саркыт болып санасына қонған, қарапайым, қайсар мінезді, қайырымды, ерекше жандардың бірі – Амангелді Әбіл. Ол – жұртшылықтың ризашылығына бөленіп, қариялардың батасын алып, қамшының сабындай қысқа ғұмырында алғыс пен абырой аркалап өткен Арқаның арда азаматы болатын.

1960-1962 жылдары аудандық М.Горький атындағы орта мектепте екі жыл оқыдым. Сол кездерде пейілі кең Әбіл әкеміздің үйіне туысқан болып барып жүргенімде орыс класында оқитын Амангелдіні сырттай іш тартып жүретінмін. Десе де, Амангелдінің тарапынан маған деген ілтипаты байқала қойған жоқ. Ол кезеңде ауылдан келген қара домалақтарды ауданның орыс тілді оқушылары көзге іле қоймайтын. Оның үстіне, мен небәрі екі-ақ жыл оқып, одан әрі колхоздың қара жұмысының жармасына жегіліп кете бардым. 1969 жылы Торғай кеуеміз отау құрысымен ауданға қоныс аудардым. Келгеннен бастап, Қайыркұл, Базыл, Төкен, Мұрат, Бағдат, Нұрымбек бастаған жаңа ортаға тап болдық. Аудандық комсомол комитеті жастардың қайнаған қызу орталығына айналып тұрған кез еді. Сол жылдары аудандық ауыл шаруашылық басқармасында институтты бітіріп келіп, экономист болып жұмыс атқарып жүрген Амангелдімен де қоян-қолтық араласа бастадық. Бүкіл Калинин колхозының ауданға сапарлаған жолаушының бәрі Әбіл әкеміздің құт-берекелі шаңырағына ат басын тірейтін. Қай уақытта болсын үйінің тұсынан өтіп бара жатқанда есік алдында сары самаурын қайнап, қазанда бауырсақ пісіп жататын. Әбіл әкеміз үйге шақырып алып, шәй үстінде айтатын әңгімесі Амангелдіні жете тани түсуіме ықпал етті. Әке мәйірімінің арқасында біз дос болдық.



Қайырымдылығымен «қалтқысыз Қайрекең» атанған, қысқа сөйлеп, көп ұқтыратын Қайыркұлдың, аузын ашса, көмейі көрінетін Төкеннің, аңғалдығы күлдірмей қоймайтын, «аты арып, тоны тозбас» Мұраттың, қара сөзден май шығарып, қозғалғанды қалт жібермес қырағы Бағдаттың, сөзге шорқақ болса да мінезге бай Нұрымбек пен алды-артын бағамдап, барлап, бақылап отыратын Базылдардың базарлы ортасында томаға-тұйық, сырға бекем Амангелдінің шыдамдылығына, мінезінің көркемдігі мен ұстамдылығына таң қалатынбыз. Адам баласының сарқылмас рухани байлығы мінезінде екендігін Амангелдіден түсіндік. Сондай-ақ, өзінің алған бетінен оңайлықпен қайтпайтын, тым қаталдыққа да жата қоймайтын қайсарлығына көңіл марқайтын.

Сонау бір жылдары сайлау науқанын жеңіспен тәмамдап, қайтар жолда Сарышығаннан Ақтоғайға дейін «волга-сының» алдыңғы әйнегін жаппай, жолдастарының бәрін қалтыратып әкелгені – сол жарастықты мінезінің бір көрінісі еді. Амангелді жайшылықта баяу сөйлеп, өзімен-өзі, өз ақылмен ғана сырласатын, өмірде еш нәрсеге қызықпайтын, өткініші оқиғаларға бейжай қарап, мән бермейтін салқынқанды, самарқау, кез келгенді дария көңілінің тереңіне бойлатпайтын жұмбақ жан болып көрінеді. Бір көрген бейтаныс адамдар түгілі, үзегілерінің өзі солай ойлап қалады. Ал, шындығында – мүлдем бөлек жаратылған құпия адам.

«Сіз» деген сөз аузынан түспейтін. Былапыт, балағат сөзді аузына алмайтын. Өзін жарнамалауды жақтырмайтын. Қай ортада болмасын киіп-жарып төрге ұмтылмайтын, кісі сөзін бөлмейтін, дауласып сөз таластырмайтын. Кішпейілділігі қызметте де, дастархан басында да ерекше аңғарылатын. Құрдастарына, әсіресе, әйелдерге келістіріп ат қоятын. «Кеудеге ашу ұяласа, бастан ақыл кетеді» деген ұлағатты берік ұстанған пірадар деуге тұрарлық ғажап адам. Жаратылысынан жалғасқан керемет қасиеті – дұшпанына да кек сақтамайтын кешірімділігі мен тірі пендеге жамандық ойламайтын кеңпейілділігі еді. Бәзбіреулер сияқты білетіні аз болса да, ділмәрсінсіп, қосып айтатыны көп болатындардың қатарынан емес. Керісінше, мен білемін деп кеудесін қақпай, ой-зердесіндегі жиган-тергендерін мұқтаждықпен сұрағандардың санасына байыппен түсінікті етіп құйып беретін парасат иесі. Мамандығы экономист болғанымен, өзге салалардан да хабары бар еді. Та-

рихты танудағы тағылымы, өнерге деген құштарлығы, спортты жанындай сүйетіндігі, табиғатпен үндестігі, қолының қас шеберлігі мен аңшылыққа деген әуестігі – осының бәрі Амангелдінің бойындағы тарау-тарау талантының ұшқынындай жарқырап көрінетін. Жайшылықта байқала бермейтін ерекшеліктер. Амангелдінің Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың өмірі туралы қара өлеңмен жазып қалдырған көркем шығармасы тарих қазынасының шырағындай болып сақталуда. Ақтоғай халық театрының сахнасына Қараменде бабасының бейнесін сәтті алып шыққаны – өнерге деген құштар көңілінің айғағы. Ал, спорт десе «ішкен асын жерге қоятын». Бала жасынан Тоқырауын өзенінің арнасындағы көк мұзда тепкен қайқы конькиін 70 жасқа жеткенше тастамады. Хоккейден ардагерлер командасын құрудағы бастамасы жастардың намысын тудырып, өзен арнасының аспан астындағы хоккей кортына айналуына себепкер болған. Тау-тасты аралап, аудан аумағындағы көркем жерлерді суретке түсірді. Түсіргенінің бәрін үлкен фотоальбомға айналдырды. Ол еңбегін музейге тапсырды. Біздің екі адымымызды бір-ақ аттап, тау-тасқа өршеленіп өрмелегендегі күш-қуатына қарап таңғалатынбыз. Ал, қолөнерлігі – бөлек әңгіме. Бойындағы дарыны – Шалқар әулиден, ғұмырында аңызға айналған ата-сы Шайхыстамбек ақсақалдан дарыса керек. Арманы аспанға жетелеп, көңілімен көкжиектегіні шалып жүрген жігіттік шағында Қарасу ауылының толықсыған аруы Мөнтайды бір көріп қайту үшін менің екі аяқты «Восход» мотоциклімен 110 шақырым жерге баратын. Ауызекі сөзге сараң болғанымен, екі тілде бірдей сауатты жазатын. Аудармашылықпен де бір адамдай айналысты.

Аудандық партия комитетінің идеология бөліміне жетекшілік жасап, өнердің өркен жайып, ауыл спортының қанаттануы жолында аянбай тер төкті. Қарттыққа бет бұрған шағында өзінің сүйікті мамандығына қайтып оралып, облыстық қаржы бақылау басқармасында жауапты қызмет атқарды. Сол жерден зейнетке шықты. Өмірі өзіне аян, өзгеге жұмбақ болған, адал дос, қамқор әке, аяулы жар, сегіз қырлы, бір сырлы, жаны жайсаң азамат Амангелдінің ешкімге ұқсамайтын асыл қасиеттеріне таңғалып, тамсанып қызығып, мақтан тұтатынбыз. Қанша жерден болаттай берік мінезді, салқынқанды сабырлы болса да, жан баласы Бауыржанының мезгілсіз қазасын күйігіне төзе алмады. Күйзеліспен өмірден өткен арда тұтар досымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Тұңғышбай МҰҚАН,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Ақтоғай ауданының
Құрметті азаматы

«Жезқазған қалалық сотында Светлана Васильевна Ботнардың, Жезқазған қаласы, Шевченко көшесі, 39 үй, 22 пәтер тұрғыны, арызы бойынша 1965 жылдың 7 ақпанында туылған, Қарағанды облысының тумасы, Виктор Васильевич Ботнардың хабарсыз кетті деп тану туралы азаматтық іс қозғалған.

Виктор Васильевич Ботнардың жүрген жері туралы мәліметтері бар барлық адамдарға бұл туралы осы жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Жезқазған қалалық сотына хабарлау ұсынылады.

№449

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fin.kar@minfin.gov.kz

Д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек нарығы», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантка түсу үшін – ҚарУ коды – 031; Мем.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№409

	27 шілде	28 шілде	29 шілде
Қарағанды қаласы	+27 +19	+26 +15	+30 +15
Абай ауданы	+28 +19	+27 +14	+30 +14
Ақтоғай ауданы	+30 +18	+23 +16	+29 +11
Бұқар жырау ауданы	+25 +18	+23 +14	+28 +15
Қарқаралы ауданы	+29 +18	+19 +15	+27 +13
Нұра ауданы	+27 +17	+29 +14	+31 +16
Осакаров ауданы	+24 +19	+26 +15	+29 +18
Шет ауданы	+29 +17	+26 +15	+30 +13

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайттың алынды

• ФЕСТИВАЛЬ

Жанды жадыратқан «Жайдарман»

Қарағанды қаласының орталық мәдениет және демалыс саябағында қала әкімінің кубогі үшін «Қарағанды – менің сүйікті қалам» атты «Жайдарман» фестивалі өтті.

Жалынды жастардың басын қосатын «Жайдарман» – танымал жоба. Бүгінде жоба өмірдегі, жалпы қоғамдағы құбылыстарды әдемі әзілмен жеткізе білетін жастардың шығармашылық ордасына айналып отыр. «Жайдарман» ойындарының тәрбиелік мәні өте зор, – дейді ұйымдастырушылар. Бүгінде Жайдарман қатарынан шыққан қарағандылық жастар қоғамда өз орнын тапқан азаматтар.

Жайдарман кешіне Алматы, Астана қалаларынан және Қарқаралы ауданының Бакты ауылы, Шет ауданының Еркіндік, Қызылқой ауылдары, Ақадыр кенті және қаланың өзінен барлығы 14 команда катысты.

Және шеберлігімен көзге түскен командаларға көрермен тарапынан соғылған қошемет зор болды. Дегенмен де, дайындығы жеткіліксіз болған командалардың да барын жасырмаймыз. Бірақ, қай команда болсын көрермен тарапынан жас жайдарманшыларға деген құрмет пен қошеметтің үстем болғанын байқадық.

Тартысты өткен сайыс қорытындысы бойынша бас жүлде Қарағанды Білім-инновация лицейінің оқушыларынан құралған «Кардеш» командасына бұйырды. I орынды Астана қаласынан келген «Элита» командасы алса, II орын Қарағанды қаласынан «Болашақ ВВП» командасына бұйырды. Ал,



Айтулы кеште командалар екі сағатқа жуық уақыт бойы көрермендерге астарлы әзілмен, қағытпа қалыңмен керемет көңіл-күй сыйлады. Көңілді тапқыштар сайысын қала тұрғындарының сағынғаны анық байқалды. Оған дәлел сайыс барысындағы көрерменнің ыстық ықыласы мен шексіз қолдауы болды.

Сайыс өте жоғары деңгейде өткізілді. Жайдарманшылар тек арнайы тақырып пен шектеліп қана қоймай, әртүрлі тақырыптарды да қозғайды. Тапқырлығымен

Астана қаласынан келген «Тұран Астана» командасы III орынды місе тұтты. Сайыс бойынша алматылық Нұрәулет Сейтмаған пен Шет ауданы, Еркіндік ауылының жас ойыншысы Қауасар Қорабаева үздік ойыншылар деп танылды.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
II курс студенті

ҚАРАҒАНДЫ

Облыстық ішкі саясат басқармасы ұжымы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Кәрібайұлы Мұсабекке шешесі **Сәнияш СЕЙІЛҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Кәрібайұлы Мұсабекке шешесі **Сәнияш СЕЙІЛҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық «SARYARQA» телеарнасының ұжымы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Кәрібайұлы Мұсабекке шешесі **Сәнияш СЕЙІЛҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Кәрібайұлы Мұсабекке шешесі **Сәнияш СЕЙІЛҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ
(жария талқылау)

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2023 жылғы 4 тамыздан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен:

1. «Қарағайлы БФ көлік учаскесі үшін ангар салу»,
2. «Қарағайлы БФ аумағын абаттандыру»

жобалар бойынша қоғамдық талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы елді мекені.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС

Өкілі: А.А. Усманова, байланыстар: тел. 8(7212) 95-71-35

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты.

Өкілі: А.Б. Сулейменова, байланыстар: 8(777) 672-32-36, эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары ecoportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://idp.ecoportal.kz> сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
(публичные обсуждения)

ТОО «Корпорация Казахмыс» сообщает, что с 4 августа 2023 года проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проектам:

1. «Строительство ангара для транспортного участка Карагайлинской ОФ»;
2. «Благоустройство территории Карагайлинской ОФ» с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Карагайлинская область, Каракаралинский район, поселок Карагайлы.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Усманова А. А., контакты: тел. 8(7212) 95-71-35.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Сулейменова А.Б., контакты 8(777) 672 3236, эл. адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: ecoportal.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://idp.ecoportal.kz>.

Д

• КӨРМЕ

Омар құпиясымен бөліседі

«Алтын ғасыр» галереясында алматылық суретші Омар Миранданың жеке көрмесі ашылды. Көрмеге суретшінің акрилмен кенепке салынған портреттері мен автопортреттері қойылады. Онда автордың адам психикасы мен эмоцияларын негізге алғаны байқалады.



— Кенептер көрме үшін арнайы жасалған. Әр адамның ішінде өз құпиясы болады. Және сол құпияны сақтауға тырысады. Бұл адамдардың ішкі сезімдерінде шиеленіс тұдырады. Мен құпияларыммен бөлісудің жолын таптым, оларды көре білген адам мені естігендей болады. Көрме әлемді танудың және бақытты өмір сүруге тырысудың жолдарын іздейтіндер үшін қызықты, — дейді автор.



Омар Миранда 24 жаста, ол Алматы қаласында дүниеге келіп, О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжін аяқтаған. Бұған дейін жұмыстары Шымкент пен Алматы қалаларының жеке галереяларында қойылған.

Көрме 28 шілдеден 4 тамызға дейін жалғасады.

Қаражат ҚҰРМАШЕВА,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің
II курс студенті

• ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Рухты көтерген Ұлы дала ойыны

Бұқар жырау ауданында «Сарыарқа – Ұлы дала ойындары» фестивалінің үшінші кезеңі өтті. Спортшылар бірнеше күн бойы көкпар, аударыспақ, садақ ату, арқан тарту және басқа да бірқатар ұлттық ойын түрлерінен сығна түсті.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестивальді Бұқар жырау ауданы әкімдігінің қолдауымен Қарағанды облысының ұлттық спорт қауымдастығы ұйымдастырды. Бас демеуші – ұлттық спорт жанкүйері, Қарағанды облысының Ұлттық спорт қауымдастығының президенті, «Natie Milk» компаниясының бас директоры Ерлан Әшімов. Ұйымдастырушылар фестивальді Бұқар жырау Қалқаманұлының 355 жылдығына орайластырған екен.

Сонымен қатар, фестивальдің өз деңгейінде өтуіне Қарағанды облысының Жастар көкпар лигасының президенті Нұржан Зейнулдин мен Арман Дошкиннің тікелей атсалысқанын атаған жөн.

— «Жұмыла көтерген жүк жеңіл». Бүгінгі шараның мақсаты – ұлттық спортты дәріптеу. Өз құндылықтарымызды бағаламай, дәріптемей қазақ бола алмаймыз. Жалпы, ұлт үшін атқарылатын жұмыстың еш қиындығы болмаса керек. Фестиваль жоғары деңгейде өтті. Мұнда діндегеніміз – бәсекелестік емес, ұлттық ойындар арқылы рухымызды көтеру. Фестивальдің жыл сайын мәртебесі артып келеді, — дейді ұйымдастырушылардың бірі Арман Серікұлы. Бәсекеге Қарағанды қаласы, Бұқар жырау, Қарқаралы, Нұра, Шет және Осакаров аудандарынан 200-ге тарта адам қатысты.

Көкпарға екі лига бойынша Қарағанды облысынан 14 команда бәсекеге түсті. Жоғары лигада Қарқаралы ауданының «Жанәлі» командасы үздік танылып, жеңімпаздарға 400 000 теңге ақшалай сыйлық табысталды. Екінші орынды Нұра ауданының «Рассвет» командасы, үшінші орынды Бұқар жырау ауданының «220 вольт» командасы иеленді. Ал, Шет ауданынан келген «Ақсу-Аюлы» командасы төртінші орынды місе тұтты.



Бірінші лигада Бұқар жырау ауданының командасы жеңімпаз атанды. Екінші және үшінші орынды Қарқаралы ауданының командалары, төртінші орынды Шет ауданының командасы еншіледі.

Спортшылар өздерінің күші мен ептілігін 62, 82 және 82+ келі салмақ дәрежесінде көрсетті.

82+ келі санатында Дархан Көрпебаев (Бұқар жырау ауданы), Темірлан Тілеубек (Шет ауданы) және Азамат Жаркен (Нұра ауданы) үздік танылды. 82 келі санаттағы жүлделі орындарда Еркәнат Тайжанов (Нұра ауданы), Әнуар Жаңбырбай (Шет ауданы) және Мұхтархан Серғазиев (Бұқар жырау ауданы) жеңімпаз танылды. Ал, 62 келі санатында жеңіс тұғырынан Дияс Серғазиев (Бұқар жырау ауданы), Шыңғыс Төлеуов (Шет ауданы) және Сағат Қайыпов (Шет ауданы) көрінді.

Садақ атудан 30 адам бақ сынап, 500 000 теңгелік сертификат Шет ауданынан

келген Нұрбол Жәнісовке бұйырды. Екінші орынды Қарағанды қаласынан Надежда Кефер, үшінші орынды Қарқаралы ауданынан Әсет Омаров және төртінші

орынды Қарағанды қаласынан Кая Мазнева жеңіп алды.

Арқан тартудан Бұқар жырау ауданы алдына қара салған жоқ. Мәселен, аталған ауданның әйелдер командасы Бірінші орынға шықса, ерлер командасы Қарағанды қаласының Әл-Машани мешіті командасын алдыға салып, екінші және үшінші орындарға ие болды.

Қошқар көтеруде Бұқар жырау ауданы Тоғызқұдық ауылының тұрғыны Олжас Отарбаев үздік нәтиже көрсетті. Жарыстың жеңімпаздары федерация мен демеушінің есебінен ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Фестивальдің келесі кезеңі Шет ауданында өтеді. Одан кейін қыркүйек айында Қарағанды қаласында түйінделеді деп жоспарлануда.

Бұған дейін «Сарыарқа – ұлы дала ойындары» фестивалінің бірінші және екінші кезеңі Қарқаралы және Нұра аудандарында өткен болатын.



• БӘЙГЕ

Жүзден жүйрік «Жезкиік»

Жүйрік аттарын жаратып, бәйгеге қосып, аламанның алдын бермей жүрген атбегілер аймақта жоқ емес. Сондай жылқыға жаны құмар, арғымақ десе, ішер асын жерге қоятын азаматтың бірі, Шеттің тумасы – Жанұзақ Қабди. Жанұзақ десе, ауыздықпен алысып, жер тарпып тұрған қос тұлпар Жезкиік пен Көкбайрақ көз алдына келеді. Жезкиік жақында Егіндібұлақ ауылында өткен облыстық «Алтын тай-2023» бәйгесінде бас жүлдені иеленді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жанұзаққа ат баптау – әкесі Байзақтан дарыған дағды. Байзақ аға – Арқаға белгілі атбегі. Жасынан ұлы Жанұзақты ат жаратуға тәрбиелейді.

— Әкем марқұм жылқыны өзіне ертеден-ақ серік еткен. Оны ерекше қадірледі. Қазақтың жаратылысы жылқымен сабақтас екендігін жете түсінген әкем мені бала кезімнен шабандоз ретінде тәрбиеледі. Әкем баптаған талай арғымаққа шабандоз болдым. Бүгінде мен де жылқы ұстап, жүйрік баптап, бәйгеде бақ сынап

жүрген жайым бар. Жезкиікті жарысқа биыл ғана қостық. Егіндібұлақ жеріндегі өткен жарыстан бөлек бұған дейін қанжығаға бөктерген 4 жүлдесі бар, — дейді Жанұзақ Байзақұлы.

Жасынан аттың жалында өскен Жанұзақ әкесі қайтқаннан кейін әке салған сара жолын жалғастыруға бел буады. Інісі екеуі ауылға ат қора салып, арғымақ баптауды қолға алады. Өзі қалада қызмет істейтін болғандықтан, сәйгүлікті Қайрақты ауылының тумасы Сұлтан Тойғанбек деген атбегі дайындапты. Ал, бәйгеге Еркіндік ауылының атынан түскен екен.

— Ат баптау – ежелден қазақтың қаны-



на сіңген өнер. Спортшыларды қалай жарысқа дайындаса, тұлпарды да тап солай баптауымыз. Оған берілетін тамаққа дәрумендері сай болу керек. Ат баптауға да біліктілік, шеберлік, үлкен жүрек, тәуекел керек. Аттың бағын алдымен бабы мен ша-

бандоз ашады. Шабандоз – Мейір есімді мықты бала. Оралдан келген. Біраз белестерді бағындырған, — деп қосты бапкер.

Бүгінде қос сәйгүлік – Жезкиік пен Көкбайрақ қатар шапқан бәйгеде егіз қозыдай жұптары жазылмай келеді.

• БОКС

Головкин елге келе жатыр

Орта салмақтағы бұрынғы әлем чемпионы, жерлесіміз Геннадий Головкиннің елге келетіні туралы әлеуметтік желілер, ақпараттық порталдар жарыса жазып жатыр.



«Елге Гена ағамызбен қайтық! Оның DAZN арнасынан менің жекпе-жегімді көргеніне қуаныштымын» деп жазды кәсіпқой боксшы Сұлтан Заурбек өзінің Instagram-парақшасында.

Бұған дейін 41 жастағы Головкин кәсіби мансабындағы соңғы жекпе-жегін Қазақстанда өткізуі мүмкін екендігі де айтылған еді.

• ФУТБОЛ

Жанкүйерлерге автобус бар

«Шахтер» клубының бас бапкері Игорь Солошенко «Каспий» командасымен өткен тартысты ойын туралы өз пікірімен бөлісті.



— Эмоцияға толы, тартысты әрі қиын матч болды. Бізге бұл жеңіс өте маңызды еді. Өйткені, турнир кестесінде алға жылжу үшін екі командаға да ұпай керек. Осының үдесінен шыға білдік. Жеңіске жеткеніме қуаныштымын. Жігіттерге, жаттықтырушылар штабына, қызметкерлерге алғыс айтамын. Жанкүйерлерімізге мың алғыс, — деді бапкер.

«Шахтер» клубының инстаграмдағы парақшасында 29 шілдеде Павлодардың «Ақсу» командасымен өтетін кездесуге жанкүйерлер үшін автобус бөлінетіні туралы да хабарланғанын атап өткен жөн.

• ХОККЕЙ

«Saryarqa» хоккей клубына – 17 жыл

2006 жылғы 25 шілдеде Қарағанды облысының әкімдігі мен облыстық дене шынықтыру және спорт департаменті «Saryarqa» хоккей клубын ұйымдастыру туралы ресми шешім қабылдаған. Биыл ашылғанына 17 жыл толып отыр.

«Saryarqa» клубы осы кезге дейін үш рет Қазақстан чемпионы атанды. Көптеген ел кубогының иегерлері болды. «Братинь» Кубогы мен «Петрова» Кубогын жеңіп алып, халықаралық аренада елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Бірқатар рекордты жаңартты.

Сондай-ақ, жуырда хоккейден Қазақстан Кубогының 2023 жылғы кестесі жарияланғанын атап өту керек. Астана һәм Көкшетау қалаларында өтетін ел Кубогы 22 тамызда басталады.

«Saryarqa» командасы «В» тобында өнер көрсетіп, Көкшетауда матчтары өтеді. «Ертис», «Арлан», «Хумо» және «Горняк» командаларымен алаңда кездеспек.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары м.а. –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призракс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сыйсебі, бейсебі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KZJWBZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 463
№82 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылған. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Еркәнат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ